## БАР ДАУЫСПЕН

*(үзінді)*

Тыңдаңыздар,
Жолдастар,
Жас ұрпақтар!
Дабылдатқан дүниеге
Тараткан
Жар -
Үгітшімін!
Қаптатып
Өлең
Селін,
Тірі адамша
Тірімен
Сөйлесемін,
Лирикалы
Томдарды
Басып өтіп,
Сендерге мен
Барамын
Дүбірлетіп!
Барам
Коммунизмге—
Сонау шалғай
Бармас, бірақ,
Есенин
Сарнауындай
Аттап өтіп
Ғасырлар
Асқарынан,
Ақындар мен
Үкіметтер Бастарынан
Жетер, жырым,
Сіздерге Өшпей, өлмей.
Жетпес, бірақ,
Сары садақ
Жебесіндей—
Амур-Лира
Құмары
Толғақ тартқан.
Жетпес жырым —
Бес тиын
Бақырға ұсап—

Әуесқой бір
Нумизмат[1]
Құмнан
Тапқан.
Жетпес жырым
Бір жалғыз
Жұлдызға ұсап—
Аясынан
Аспанның
Құлай аққан.
Жырым
Жылдар жақпарын
Өтер бзып.
Ауыр
Қатал күйіне
Көз салғызып
Рим құлдары жасаған
Су түтігі
Бізге жеткен сықылды,—
жетед түбі.
Өлеңдерді
Жерлеген
Бейіт болған—
Оба түрар
ескі кітап
лық толған:
Соған сіздер
Сан рет
Барарсыздар.
Темірдей
Бір сөзімді
Табарсыздар.
Қолдарыңа
Құрметтеп
Аларсыздар.
Айбарлы өткір
Қарудай
Қарарсыздар.
Мен сөзіммен
Құлақты
Әлдилемен:
Сыбырлауға

[1] **Нумизмат — ақша коллекциясын жинаушы.**

Жазбаймын
Өлеңді мен;
Құлағына
Қыздардың
Нәзік жырмен
Күбірлейтін
Ежелден
Ақын емен.
Өлең бетін әскердей
Сапқа құрып,
Жолдарымен
Жорыққа кетем
Жүріп:
Қорғасындай
Салмақты
Өлеңдерім,
Жеңіске,
Өлімге де,
Буған Белін.
Зеңбіректей
Қаз-қатар
Дастандарым,—
Нысанаға
Дәл көздеп
Қойған бәрін:
Қиқу шықса
Құйғытар
Атты әскердей.
Ұйқастарым
Сурылған
Көк семсердей.
Жиырма жылдай
Жорықта
Жарып өткен.
Жауынгер жыр,
Қаруы
Жарқ-жұрқ еткен.—
Ақтық беті
Қалғанша,
Соның бәрі—
Бір
Сен үшін
Планета
Пролетары!